

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 наурыз N 377. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының л и м и т т е р і н д е :

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген 8 - б ө л і м д е :

"Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь" деген жолдың 3-бағанындағы "452" деген сан "576" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қазақ республикалық лепрозорийі" деген жолдың 3-бағанындағы "270" деген сан "227" деген санмен ауыстырылсын;

"Арал теңізі обаға қарсы станциясы" деген жолдың 3-бағанындағы "167" деген сан "172" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының туберкулез проблемалары ұлттық орталығы" деген жолдың 3-бағанындағы "632" деген сан "690" деген санмен ауыстырылсын;

"Қатаң байқаудағы республикалық психиатриялық аурухана" деген жолдың 3-бағанындағы "687" деген сан "750" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК